

Қ.Т. Нұралина^{1,*}, Ш.У. Ниязбекова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;
²Bunte Mәскеу университеті, Ресей

¹nuralina73@mail.ru, ²shakizada.niyazbekova@gmail.com

¹<https://orcid.org/0000-0002-4516-9200>, ²<https://orcid.org/0000-0002-3433-9841>

¹Scopus Author ID: 56530857900, Researcher ID: E-7112-2015

Аймақтың әлеуметтік экономикалық дамуындағы демографиялық үрдістердің рөлі (Шығыс Қазақстан облысы мысалында)

Аңдатпа

Мақсаты: Шығыс Қазақстан облысы аймағындағы демографиялық жағдайдың ерекшеліктерін, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы демографияның рөлін анықтау.

Әдісі: Статистикалық-математикалық құралдарды қолдана отырып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін талдау кезінде жүйелік талдау мен синтездің жалпы ғылыми әдістері қолданылды.

Қорытынды: Мақалада Шығыс Қазақстан облысының және аймағының демографиялық жағдайын талдау нәтижелері келтірілген. Жүргізілген талдау Шығыс Қазақстан облысының демографиялық жағдайының негізгі проблемаларын, оның ішінде халық санының соңғы 30 жыл ішінде азаюын анықтауға мүмкіндік берді.

Тұжырымдама: Шығыс Қазақстан облысының демографиялық жағдайына әсер ететін негізгі факторлар зерттелді. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде өңірдің демографиялық жағдайын жақсарту бойынша басым шаралар, оның ішінде зорлық-зомбылық жанжалдарын жою; техногендік апаттардың алдын алу; қаражатты денсаулық сақтауға, білім беруге, ғылымға, отбасын нығайтуға басым инвестициялау ұсынылды.

Кілт сөздер: әлеуметтік-экономикалық даму, демографиялық процестер, демографиялық көрсеткіштер, халық саны, туу, өлім, халықтың азаюы, көші-қон, демографиялық көрсеткіштердің динамикасы.

Кіріспе

Мақалада Егемендіктің 30 жылдық кезеңінде Шығыс Қазақстан облысының (ШҚО) демографиялық жағдайына жан-жақты талдау жасалып, аймақтың тұтас дамуындағы демографиялық саясаттың рөлі анықталды. Жұмыс ШҚО бойынша деректер материалында орындалды. Мақалада мақсат, міндеттер қойылған, практикалық маңыздылығы мен ғылыми жаңалығы, зерттеу әдістері тұжырымдалған. ШҚО аймағындағы демографиялық жағдайға басты назар аударылған. Халықтың табиғи және көші-қон шығынын талдау нәтижесінде авторлар анықтаған депопуляция ШҚО әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер етеді деген қорытынды жасады. Алынған мәліметтер аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының тиімділігі мәселелерін шешуге үлес қосады.

Демографиялық процестер аймақтардың да, тұтастай алғанда мемлекеттің де әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етеді, оны көптеген зерттеушілер бірнеше рет атап өткен. Еңбек ресурстарының жай-күйі демографияның экономикаға әсерін көрсетеді. Халықтың көбеюі мен экономикалық процестердің оңтайлы үйлесуі мемлекеттің және кез келген аймақтың маңызды және басым міндеттерінің бірі болып табылады. Аймақтар әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді, бұл, ең алдымен, географиялық орналасудағы айырмашылықтарға, өндіріс пен экономикалық қатынастардың сипаттамаларына, әлеуметтік-экономикалық құрылымға, зерттелетін аумақта тұратын халықтың мәдениеті мен дәстүрлеріне байланысты. Халықтың саны, туу, өлім-жітім, жас-жыныстық құрылымы және көші-қон сияқты базалық демографиялық параметрлер еңбек ресурстарының жай-күйіне, қалыптасуына және бөлінуіне әсер етеді. Осыған байланысты өңірдегі демографиялық ахуалдың өзара әсері мен өзара тәуелділігінің және оның әлеуметтік-экономикалық дамуының тиімділігінің тұрақты мониторингі өзекті болып отыр. Кез келген қоғамның негізі — оның құрылымы мен демографиялық көрсеткіштері болып табылады (В.А. Дорофеева, 2015).

* Хат-хабарларға арналған автор.
E-mail: nuralina73@mail.ru

Әдебиеттік шолу

Қазақстандық демограф ғалымдар М.Б. Тәтімов, Ә.Б. Ғали, Е. Мұсабеков еңбектері қарастырылды. Халық саны саласында болып жатқан процестерді түсіну үшін философтарды, экономистерді, географтарды, тарихшыларды зерттеу маңызды. Қазақстандық ғалымдар М.М. Тәжин, Н.А. Айтов, М.С. Әженов, Л.А. Байделдинов, К.У. Биекенов, К.Г. Габдуллина, Л.Я. Гуревич, М.С. Садырова, С.Т. Сейдуманов, Е.К. Ертисбаев, К.Е. Көшербаев еңбектері қоғамды трансформациялау жағдайындағы әлеуметтік-демографиялық және этникалық процестерді талдауға арналған.

Зерттелетін мәселеге қатысты М.Х. Асылбековтың (М.Х. Асылбеков, 1993) мақалалары ерекшеленді, онда индустрияландырудың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және саяси салдары, жұмысшы табының ұлттық кадрларын қалыптастыру ерекшеліктері талданады.

М.Х. Асылбеков пен В.В. Козинаның «Казахи (Демографические тенденции 80-90-х годов)» монографиясы (М.Х. Асылбеков, В.В. Козина, 1995) Қазақстанның байырғы халқының демографиялық дамуына арналған. Қазақстанның көпұлтты халқының дамуы аясында авторлар қазіргі кезеңдегі қазақ халқының демографиялық тенденцияларын талдайды: сан динамикасы, аймақтық орналасуы, сапалық құрамдағы өзгерістер, жыныстық-жас құрылымы, білім деңгейі, кәсіби доминанттар мен жұмыспен қамту, көші-қон процестері. Қамтылған тақырыптар көптеген демографиялық параметрлер шегінде қаралады.

Ал осы авторлардың «Демографические процессы современного Казахстана», «Демографическое развитие республики Казахстан в условиях суверенитета» атты монографиялары Қазақстанның демографиялық дамуына арналды. Авторлар 1979, 1989 жылдардағы Бүкілодақтық халық санағы материалдарының негізінде жазған. Олар облыстар шегінде республиканың демографиялық дамуын (халық санының серпінін, табиғи қозғалыс факторларын, сапалық құрамның өзгеру үрдістерін, көші-қон процестерінің себептерін және олардың демографиялық ахуалдың өзгеруіне әсерін) зерттеді.

М.Б. Тәтімовтің еңбектерінде халықтың көші-қоны және оның ұдайы өндіріс үдерістеріне әсері, ұлттық демографиялық саясатты қалыптастыру мәселелері, сондай-ақ Қазақстанның демографиялық дамуын болжау аспектілері көрініс тапты (М.Б. Тәтімов, 2010).

Республиканың демографиялық даму мәселелеріне арналған алғашқы жұмыс М.Х. Асылбеков пен А.Б. Галиевтің «Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980 гг.)» атты (М.Х. Асылбеков, А.Б. Галиев, 1991) монографиясы болды. Авторлар КСРО-дағы жаһандық әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер аясында республиканың әлеуметтік-демографиялық дамуын тұтас және жан-жақты процесс ретінде қарастырады.

Н.В. Алексеенко және А.Н. Алексеенконың «Население Казахстана за 100 лет» (1897–1997 гг.) деп аталатын еңбегінде 1897, 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жылдардағы халық санағы негізінде Қазақстан халқы санының өзгеру үрдістері, этникалық құрылымының өзгеруі, әлеуметтік құрамы, көші-қон мәселелері зерттелген (Н.В. Алексеенко, А.Н. Алексеенко, 1999).

1990 жылдардың аяғы әлеуметтік-демографиялық процестерді аймақтық зерттеудің пайда болуымен ерекшеленді. Оларға М.Н. Сдыковтың «Народы Восточного Казахстана (1897–1989 жж.)» (М.Н. Сдыков, 1995); А.Н. Алексеенконың «Население Западного Казахстана» (А.Н. Алексеенко, 1994); В.В. Козинаның «Население Центрального Казахстана (Методология. Историография. Источники)» зерттеулерін жатқызуға болады (В.В. Козина, 2001).

Демографиялық процестерді өңірлік талдаудың әдіснамалық тәсілдері мен әдістері, сондай-ақ ғалымдар анықтаған бұрын белгісіз фактілер мен материалдар зерттеушілерге, оның ішінде Қазақстан Республикасының демографиялық дамуының өңірлік ерекшеліктері мен проблемаларын одан әрі, неғұрлым терең зерделеу жөніндегі жұмысында үлкен демеу болды (Козина В.В., 2007).

Зерттеудің мақсаты: ШҚО аймағындағы демографиялық жағдайдың ерекшеліктерін анықтау, оның аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы демографияның ролі. Зерттеу барысында мына міндеттер айқындалды:

1. ШҚО-ның әлеуметтік-демографиялық жағдайға жалпы сипаттама беру.

2. Аймақтың әлеуметтік-демографиялық жағдайын талдау үшін негізгі көрсеткіштер жүйесін анықтау.

Зерттеу объектісі — аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын, яғни халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын анықтау. Зерттеу тақырыбы – демографиялық процестер, мысалы, халықтың көбеюі, ұрпақтардың ауысуы, халықтың өсу қарқыны, туу деңгейі, өлім-жітім, неке, көші-қон, урбанизация, жас-жыныстық және отбасылық құрылым.

Демографиялық жағдай — белгілі бір уақытта елде немесе белгілі бір аймақта халықтың құрамы мен орналасуы ретінде анықталады. Демографиялық жағдай бойынша біз белгілі бір аумақта жүретін демографиялық процестердің (туу, өлім, көші-қон, неке, ажырасу) жан-жақты сапалық-сандық сипаттамасын түсінеміз. Көрсеткіштер жүйесі демографиялық жағдай элементтерінің үш тобын сипаттайды: 1) халықтың санын статистикалық бағалау, жас-жыныстық құрылымы және оны ұдайы өндіру параметрлері; 2) халықтың саны мен құрылымын қалыптастыратын демографиялық процестер серпінін талдау; 3) үрдістерді болжау және олардың демографиялық салдарларын бағалау (Е.А. Морозова, А.Н. Челомбитко, Л.М. Андреева, 2012).

Демографиялық қауіпсіздіктің негізгі қатерлері туудың төмендігі, отбасы институтының тұрақсыздығы, бақыланбайтын көші-қон, халықтың қартаюуы болып табылады, олар мынадай көрсеткіштермен айқындалады: халықтың ұдайы өсуінің нетто-коэффициенті; өміршеңдік коэффициенті; туудың жиынтық коэффициенті; еңбекке қабілетті жастағы халықтың өлім-жітім коэффициенті, оның ішінде еңбекке қабілетті жастағы ерлер мен әйелдердің өлім-жітім коэффициенті; алдағы өмір сүрудің күтілегін ұзақтығы; қалалық және ауылдық жерлер арасындағы көші-қон алмасуының сальдосы, оның ішінде жынысы, жасы, білім деңгейі бойынша; заңсыз көшіп-қонушылардың саны; неке және ажырасу коэффициенті .


Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік статистика қызметінің ресми сайтында орналастырылған Шығыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен демографиялық жағдайы туралы статистикалық мәліметтер пайдаланылды. Статистикалық-математикалық құралдарды қолдана отырып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін талдау кезінде жүйелік талдау мен синтездің жалпы ғылыми әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Шығыс Қазақстан облысындағы демографиялық жағдайды зерттейміз. Аумақ пен уақытша аспект аясында демографиялық процестердің келесі көрсеткіштерін қолдану орынды. Халық саны. Шығыс Қазақстан облысының халқы 2021 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша 1361,7 мың адамды — Қазақстан халқының 7,17% құрады (<https://stat.gov.kz>).

Шығыс Қазақстан облысының басты проблемаларының бірі — аймақтағы абсолютті халықтың азаюы.




1-сурет. Барлық ағындар бойынша көші-қон айырымы, адам.

Ескерту. Ақпарат көзі: <https://www.stat.gov.kz/region/>.

Келтірілген мәліметтен көріп отырғанымыздай, ең көп көші қон 1993 жылдан басталып, 1994 жылы жоғары шегіне жеткен. 1999 жылдары көші-қон деңгейі біраз тұрақталған. Бірақ осы уақытқа дейін жалғасуда (<https://www.stat.gov.kz/region/264990>) (1-сур.).


Келесі деректерде табиғи өсім көрсеткіші 1995 жылдан бастап теріс көрсеткішке ауысып, тек 2004 жылы ғана оң көрсеткішке ауысқаны берілген. Содан бері біртіндеп өсіп келе жатқан көрсеткіште 2017–2018 жылдары табиғи өсім байқалғанымен, дүниежүзіндегі орын алған пандемияға байланысты, 2019–2020 жылдары ШҚО-да да төмендегенін байқауға болады (2-сур.).



2-сурет. Халықтың табиғи өсімі, адам

Ескерту. Ақпарат көзі: <https://www.stat.gov.kz/region/>.


ШҚО-да 1995 жылдан бастап 2004 жылға дейінгі уақыт аралығында туу коэффициенті төмендеген. Бұл көрсеткішке сол уақыттардағы некелесу коэффициенттерінің төмендеуі әсер еткен. 2004 жылдан бастап жоғарылағанымен, 1991 жылғы деңгейге әлі біраз жеткен жоқ. Өлім коэффициенті 1993 жылдан бастап көтеріліп, 2008 жылдары төмендегенмен, COVID-19 байланысты 2019–2020 жылдары көтерілгендігін байқауға болады (3-сур.).



3-сурет. Туудың және өлімнің жалпы коэффициенті (1000 адамға)

Ескерту. Ақпарат көзі: <https://www.stat.gov.kz/region/>.


1998 жылдан бастап, 2006 жылға дейінгі уақыт аралығында аналар өлімі біршама азайғанын байқауға болады. 2007 жылғы дүниежүзілік қаржылық дағдарыс кезеңінде өсіп, одан кейін 2018 жылға дейін азайғанын байқасақ, дүниежүзіндегі орын алған COVID-19 пандемияға байланысты, 2019–2020 жылдары жоғарылағанын байқаймыз. Нәрестелер өлімінің азайғанын көруге болады (4-сур.).



4-сурет. Нәресте және аналар өлімі коэффициенті (1000 туғандарға)

Ескерту. Ақпарат көзі: <https://www.stat.gov.kz/region/>.

Халықтың өмір сүру ұзақтығына тоқталатын болсақ, төмендегі 5-суреттен байқауға болады. 2013 жылдан бастап, өмір сүру ұзақтығының өскенін байқауға болады. 30 жыл ішінде жалпы өмір сүру ұзақтығы ерлер мен әйел адамдар үшін 3-4 жасқа ұзарған.



5-сурет. Халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы

Ескерту. Ақпарат көзі: <https://www.stat.gov.kz/region/>.

ШҚО-да 1999 жылға дейін некелесу коэффициенті төмендесе, 2013 жылға дейін жоғарылаған, 2014 жылдан бастап 2020 жылға дейін төмендеген. Ажырасу коэффициенті 2009–2019 жылдары аралығында көбейгенін аңғаруға болады (6-сур.).



6-сурет. Некелесудің және ажырасудың жалпы коэффициенттері

Ескерту. Ақпарат көзі: <https://www.stat.gov.kz/region/>.


Дүние жүзіндегі орын алған COVID-19 пандемияға байланысты 2019 жылы ауруханалар төсегінің санын күрт көбейгенін байқауға болады (7-сур.).



7-сурет. Ауруханалық ұйымдар мен төсектер саны

Ескерту. Ақпарат көзі: <https://www.stat.gov.kz/region/>.


Мәліметтерді сараласақ, соңғы 30 жыл ішінде балалар мен жасөспірімдер санының азаюы, халық санының азаюына алып келген. Әсіресе мектеп оқушыларының азайғанын көреміз. Мектепке дейінгі балалар саны 1996 жылы күрт төмендеп, 2006 жылға дейін демографиялық дағдарыс орын алған (8-сур.).



8-сурет. Балалар мен жасөспірімдер саны

Ескерту. Ақпарат көзі: <https://www.stat.gov.kz/region/>.

Деректерді зерделесек, Егемендіктің 30 жылдық кезеңінде Шығыс Қазақстан облысының халық санының азайғанын байқауға болады. Осы жылдар аралығында халық саны бастапқы кезеңдегі халық санына жете алмағанын көруге болады. Халық санына әсер ететін көрсеткіштер көші-қон, халықтың табиғи өсімі және өлімі екені белгілі. Оның негізгі себебі көші-қонмен байланысты (9-сур.).



9-сурет. ШҚО халық санының динамикасы, мың адам

Ескерту. Ақпарат көзі: <https://www.stat.gov.kz/region/>.

Қорытынды

Шығыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы демографиялық саясатқа тікелей байланысты екенін атап өткен жөн, бұл мемлекеттік және муниципалды институттардың, бүкіл халықты, сондай-ақ оның жыныстық және аумақтық топтарын басқарудағы қоғамдық ұйымдардың мақсатты қызметі. Демографиялық саясат ресурстарды басқару мен талдауды ғана емес, сонымен бірге демографиялық процестерді болжауды да қамтиды.

Облыстың адами ресурстарының азаюы және жаңа ұрпақтар сипаттамаларының сапалық нашарлауы; шығындар оң әсерден асатын саясаттың дәстүрлі ресурстарды қажет ететін шараларынан бастартуды талап етеді. Билік ресурстарды үнемдеуге — халықтың шығынын азайтуға көшуі керек. Жаңа бағыттың шаралары: зорлық-зомбылық жанжалдарын жою; техногендік апаттардың алдын алу; қаражатты денсаулық сақтауға, білім беруге, ғылымға, отбасын нығайтуға басым инвестициялау.

Демографиялық саясаттың экономикалық және әлеуметтік шараларын БАҚ жүйесі арқылы коммуникативтік әсерлермен толықтыру қажет.

Локдаундар кезеңіндегі құлдыраудан кейін Қазақстанда эмиграция қайта қарқын алуда: кеткендер саны үштен бірге өсті. Өңірлер арасында қазақстандықтардың көпшілігі, оның ішінде Қарағанды облысынан 2,1 мың адам кетті. Сонымен қатар Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары да бар (https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazahstantsyi-stali-chasche-uezjat-iz-stranyi-446709).

ҚР демографтары азаматтардың елден тыс жерлерге қоныс аударуының негізгі себебі неғұрлым дамыған елдердің жоғары білікті кадрларға қажеттілігі және олардың өз қызметкерлеріне неғұрлым жоғары жалақы төлеу мүмкіндігі болып табылады деп пайымдайды. Басқаша айтқанда, азаматтарды ұстап қалу үшін елдегі жалақы деңгейін арттыру қажет.

Демографиялық саясаттың негізгі бағыттары: халықтың табиғи өсімінің пропорцияларын оңтайландыру (туу мен өлім теңгерімі); еңбек ресурстарының құрамына және олардың кәсіби біліктілігіне ықпалы; отбасын, ана мен баланы қолдау; салауатты өмір салтын қолдау; көші-қон ағынын оңтайландыру (халықтың механикалық өсімі).

Әдебиеттер

- Алексеенко Н.В. Население Казахстана за 100 лет (1897–1997 гг.) / Н.В. Алексеенко, А.Н. Алексеенко. — Усть-Каменогорск: Полиграфия, 1999. — 156 с.
- Алексеенко А.Н. Народы Восточного Казахстана / А.Н. Алексеенко. — Усть-Каменогорск, 1994. — 52 с.
- Асылбеков М.Х. Индустриализация Казахстана и ее социально-экономические последствия / М.Х. Асылбеков // Мысль. — 1993. — № 4. — С. 85–90.
- Асылбеков М.Х. Демографические процессы современного Казахстана / М.Х. Асылбеков, В.В. Козина; [отв. ред. Ф.Н. Базанова]; ИАН РК; Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. — Алматы: Атамұра, 1995. — 128 с.
- Асылбеков М.Х. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980 гг.) / М.Х. Асылбеков, А.Б. Галиев. — Алма-Ата: Ғылым, 1991. — 191 с.
- Дорофеева В.А. Роль демографических процессов в социально-экономическом развитии региона (на примере Алтайского края) // Экономика и предпринимательство. — 2015. — № 7. — С. 395–399. ISSN: 1999–2300.
- Козина В.В. Население Центрального Казахстана (Методология. Историография. Источники) / В.В. Козина. — Алматы: Өркениет, 2001.
- Козина В.В. Демографическая история Казахстана: учеб. пос. / В.В. Козина. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. — 145 с.
- Морозова Е.А. Демографическая ситуация и ее влияние на социально-экономическое развитие региона / Е.А. Морозова, А.Н. Челомбитко, Л.М. Андреева // Вестн. Кемеров. гос. ун-та. — 2012. — № 2. — С. 213–219. ISSN: 2078–8975
- Национальное статистическое бюро Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. — <https://www.stat.gov.kz/region/264990>
- Официальный сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК. — <https://stat.gov.kz>
- Сдыков М.Н. Население Западного Казахстана (1897–1989 гг.) / М.Н. Сдыков. — Алматы: Ғылым, 1995. — 220 с.
- Татимов М.Б. Глобализация демографии / М.Б. Татимов. — Алматы, 2010. — 264 с.
- Татимов М.Б. Формирование самостоятельной демографической политики РК / М.Б. Татимов, М.А. Акшалов. — Алматы, 1997. — 113 с.
- https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazahstantsyi-stali-chasche-uezjat-iz-stranyi-446709/

К.Т. Нуралина

Роль демографических процессов в социально-экономическом развитии региона (на примере Восточно-Казахстанской области)

Аннотация

Цель: Выявить особенности демографической ситуации в регионе ВКО, ее роль в демографии в социально-экономическом развитии региона.

Методы: При анализе показателей социально-экономического развития региона с использованием статистико-математических средств использовались общенаучные методы системного анализа и синтеза.

Результаты: В статье представлены результаты анализа демографической ситуации Восточно-Казахстанской области и региона. Проведенный анализ позволил выявить основные проблемы

демографической ситуации в Восточно-Казахстанской области, в том числе снижение численности населения за последние 30 лет.

Выводы: Изучены основные факторы, влияющие на демографическую ситуацию в Восточно-Казахстанской области. В результате проведенного исследования были предложены приоритетные меры по улучшению демографической ситуации региона, в том числе преодоление насильственных конфликтов; предупреждение техногенных катастроф; приоритетное инвестирование средств в здравоохранение, образование, науку, укрепление семьи.

Ключевые слова: социально-экономическое развитие, демографические процессы, демографические показатели, численность населения, рождаемость, смертность, убыль населения, миграция, динамика демографических показателей.

К.Т. Nuralina

The role of demographic processes in the socio-economic development of the region (on the example of East Kazakhstan region)

Annotation

Objective: to identify the features of the demographic situation in the East Kazakhstan region, its role in demography in the socio-economic development of the region.

Method: when analyzing the indicators of socio-economic development of the region using statistical and mathematical tools, general scientific methods of system analysis and synthesis were used.

Findings: the article presents the results of the analysis of the demographic situation of the East Kazakhstan region. The analysis made it possible to identify the main problems of the demographic situation in the East Kazakhstan region, including the decline in the population over the past 30 years.

Conclusions: the main factors affecting the demographic situation in the East Kazakhstan region are studied. As a result of the conducted research, priority measures were proposed to improve the demographic situation of the region, including overcoming violent conflicts; preventing man-made disasters; priority investment in healthcare, education, science, and strengthening the family.

Keywords: socio-economic development, demographic processes, demographic indicators, population size, birth rate, mortality, population decline, migration, dynamics of demographic indicators.

References

- Alekseenko, N.V., & Alekseenko, A.N. (1999). Naselenie Kazakhstana za 100 let (1897–1997 gg.) [Population of Kazakhstan for 100 years (1897–1997)]. Ust-Kamenogorsk: Poligrafia, 156 [in Russian].
- Alekseenko, A. N. (1994). Narody Vostochnogo Kazakhstana [Peoples of East Kazakhstan]. Ust-Kamenogorsk, 52 [in Russian].
- Asylbekov, M.H. (1993). Industrializatsiia Kazakhstana i ee sotsialno-ekonomicheskie posledstviia [Industrialization of Kazakhstan and its socio-economic consequences]. Mysl, 4, 85–90 [in Russian].
- Asylbekov, M.H., & Kozina, V.V. (1995). Demograficheskie protsessy sovremennogo Kazakhstana [F.N. Bazanova Ed.] [Demographic processes of modern Kazakhstan]. Natsionalnaia akademiia nauk RK, Institut istorii i etnologii imeni Ch.Ch. Valikhanova. Almaty: Atamura, 128 [in Russian].
- Asylbekov, M.H., & Galiev, A.B. (1991). Sotsialno-demograficheskie protsessy v Kazakhstane (1917–1980 gg.) [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917–1980)]. Alma-Ata: Gylym, 191 [in Russian].
- Dorofeeva, V.A. (2015). Rol demograficheskikh protsessov v sotsialno-ekonomicheskom razvitii regiona (na primere Altaiskogo kraia) [The role of demographic processes in the socio-economic development of the region (on the example of the Altai Territory)]. Nauchnyi zhurnal: Ekonomika i predprinimatelstvo, 7, 395–399. ISSN: 1999–2300 [in Russian].
- Kozina, V.V. (2001). Naselenie Tsentralnogo Kazakhstana (Metodologiya. Istoriografiia. Istochniki) [The population of Central Kazakhstan (Methodology. Historiography. Sources)]. Almaty: Orkeniet [in Russian].
- Kozina, V.V. (2007). Demograficheskaiia istoriia Kazakhstana: Uchebnoe posobie [Demographic history of Kazakhstan: study village]. Karaganda: Izdatelstvo Karagandinskogo universiteta, 145 [in Russian].
- Morozova, E.A., Chelombitko, A.N., & Andreeva, L.M. (2012). Demograficheskaiia situatsiia i ee vliianie na sotsialno-ekonomicheskoe razvitie regiona [Demographic situation and its impact on the socio-economic development of the region] // Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta, 2, 213–219. ISSN: 2078–8975 [in Russian].
- Natsionalnoe statisticheskoe biuro Agentstva po strategicheskomu planirovaniu i reformam Respubliki Kazakhstan. — <https://www.stat.gov.kz/region/264990> [in Russian].
- Ofitsialnyi sait Komiteta po statistike Ministerstva natsionalnoi ekonomiki RK. — <https://stat.gov.kz> [in Russian].

- Sdykov, M.N. (1995). Naselenie Zapadnogo Kazakhstana (1897–1989 gg.) [Population of Western Kazakhstan (1897–1989)]. Almaty: Gylym, 220 [in Russian].
- Tatimov, M.B. (2010). Globalizatsiia demografii [Globalization of demography]. Almaty, 264 [in Russian].
- Tatimov, M.B., & Akshalov, M.A. (1997). Formirovanie samostoiatelnoi demograficheskoi politiki RK [Formation of an independent demographic policy of the Republic of Kazakhstan]. Almaty, 113 [in Russian].
- https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazahstantsyi-stali-chasche-uezjat-iz-stranyi-446709/